

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№25 (094) ЖҰМА

19 шілде 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• 21 ШІЛДЕ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

Мереке құтты болсын,
Металлургия
майталмандары!



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ХАЛЫҚҚА ӨТІНІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА СЕРВИСІ



Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Таза Қазақстан» ауқымды акциясы аясында @TazaQazBot ыңғайлы телеграм-чат-боты арқылы жергілікті мекеннің және экология мәселелері туралы өтінімдер берудің жаңа сервисін әзірледі.

Бұл елдің әрбір қамқор тұрғынына проблемалық жерлерді бірден суретке түсіруге немесе галереядан суреттерді жүктеуге, орналасқан жерін көрсетуге және мәселені егжей-тегжейлі сипаттауға мүмкіндік береді.

Өтінім түріндегі барлық ақпарат операторға жергілікті атқарушы органнан келіп түседі, ол оны жүктейді және орындаушыны тағайындайды.

Сонымен қатар, тұрғындар жолдардың, саябақтардың, кіреберістердің, жарықтандырудың, абаттандырудың және қоғамдық және жеке аумақтардың санитарлық жағдайына қатысты көптеген мәселелер туралы хабарлай алады.

Өтінім санатына байланысты орындаушы тапсырманы орындауы тиіс уақыт автоматты түрде белгіленеді. Жұмыс аяқталғаннан кейін Орындаушы фото-

суретті және қажет болған жағдайда түсініктеме береді.

Кері байланыс ретінде пайдаланушылар орындаушыны тағайындау және жұмысты аяқтау туралы хабарламаларды тікелей Телеграм-ботта алады. Өтінімді орындағаннан кейін олар орындалған жұмыстың сапасын бағалап, барлық өтінімдерін қарай алады.

«Таза Қазақстан» сервисі әрбір азаматқа тазалық пен тәртіпті сақтауға белсенді қатысуға мүмкіндік бере отырып, еліміздегі халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Бірлескен күш-жігердің арқасында біздің кең еліміздің әрбір елді мекені таза әрі экологиялық қауіпсіз болады деп сенеміз.

Толығырақ: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo?lang=kk>

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: НОВЫЙ СЕРВИС ПОДАЧИ ЗАЯВОК ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ



Министерством экологии и природных ресурсов РК, в рамках масштабной акции «Таза Қазақстан», разработан новый сервис подачи заявок о проблемах города и экологии посредством удобного телеграмм-чат-бота @TazaQazBot.

Это позволит каждому неравнодушному жителю страны моментально фотографировать проблемные места или загружать снимки из галереи, указывать местоположение и подробно описывать проблему.

Вся информация в виде заявки поступает к оператору от местного исполнительного органа, который классифицирует её и назначает исполнителя.

Кроме того, жители могут сообщать о широком спектре проблем, связанных с состоянием дорог, парков, подъездов, освещения, благоустройства и санитарного состояния общественных и частных территорий.

В зависимости от категории заявки автоматически устанавливается время, в течение которого исполнитель должен выполнить задачу. По завершении работы

исполнитель прикладывает фотографию и, при необходимости, комментарий.

В качестве обратной связи пользователи будут получать уведомления о назначении исполнителя и завершении работы прямо в телеграмм-боте. После выполнения заявки они смогут оценить качество выполненных работ и просмотреть все свои заявки.

Сервис «Таза Қазақстан» направлен на улучшение качества жизни населения в нашей стране, предоставляя каждому гражданину возможность активно участвовать в поддержании чистоты и порядка.

Мы верим, что благодаря совместным усилиям каждый населенный пункт нашей необъятной страны станет чище и экологически безопасней.

Подробнее: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo?lang=kk>

► СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІНДЕ

АЛҒАШҚЫ АДЫМ. НАҚТЫЛЫҚ БАСЫМ

Жуырда ғана қала тізгінін қолына алған Мұрат Ерболатұлы Бөрібаев алғашқы кеңейтілген аппарат жиынын өткізді. Қытай халқында «Мың шақырымдық жол алғашқы адымнан басталады» дейтін мәтел бар екен.

«ЖЫЛУ БОЛМАСА БӘРІ БЕКЕР»

Күн тәртібіне үш мәселе қойылыпты. Біріншісі «2024-2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындық туралы». Бұл жөнінде қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Әшім Мұхамбетәлі баяндама жасады. Жылу маусымына дайындалу мақсатында қанша қаражат бөлінді, қаншасы игерілді деген тұрғыдан алғанда баяндамада біршама деректер келтірілді. Ал, қала халқының жергілікті биліктен естігісі келетіні не еді? «Ертең қысты күні үйімізде ұйық етік киіп, пәтерімізде пальтомызды жамылып жүрмеу үшін не істеу керек?» Міне, елге керегі осындай сұрақтың жауабы. Әкінішке қарай, баяндамада бұл туралы айтылмады.

Өткен жылғы қыста қалада жылу мәселесінде нақты проблемалар болды. Айталық, қалада 43 күн жылу нормадан төмен берілді. Үйдегі жылудың қалыпты деңгейден төмендігі жөнінде 88 рет шағым түскен. Бұл – жылу мәселесінде айтарлықтай олқылықтар бар екенін айғақтайды.

Егер қалаға тиісті деңгейдегі жылу бере алмайтын болсақ, басқа шаруалардың мәні болмай қалады. Әні-міне дегенше күз жетіп келеді, айналдырған екі-ақ ай қалды. Осы қысқа мерзім ішінде бар күш-жігерімізді, мүмкіндігімізді қысқа дайындыққа бағыштауымыз керек. Бұдан былай бұл мәселе бойынша арнайы штаб құрылып, апта сайын отырысы өтеді. Штабқа өзім төрағалық етемін – деген қала басшысы қаладағы барлық мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына өздеріне қарасты нысандардың қысқа дайындығын жіті тексеруді тапсырды.

«Өйткені, қысқа дайындыққа бәріміз де жауаптымыз. Бүгіннен бастап өздеріңізге тиісті нысандарды аралап, тексеріп, кемшін тұсын көріңіздер. Қолдан келгенше сол кемшілікті жоюдың шараларын қарастырыңыздар. Кәсіпорындарға қысқа дайындық паcпортын беру кезінде барлық талаптар ескерілетін болсын – деді Мұрат Ерболатұлы. Ол қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысына әр штаб сайын атқарылған емес, атқарылмай жатқан жұмыстар жөнінде баяндауды тапсырды.

«Қажет болса істелмей жатқан жұмыстарды фотоға түсіріп әкеліңіздер, бейнетаспадан көрсетіңіздер – деді.

Ол қалалық қазандық басшыларына атқарылып жатқан жұмыстарды барып көргенін, белгіленген жөндеу, жаңарту дер мезгілінде әрі сапалы орындалу керектігін ескертіп, «қардың түсі ақ болатынан» естеріне салды.

Қала әкімі Есқұла су қоймасынан резервтік желі тартудың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу керектігін де атап өтті. Өйткені, егер бұрын келісілгендей ЖСҚ желтоқсанның 31-нде дайын болатын болса, жобаны алдағы жылдың бюджетіне кіргізу мүмкін емес. Негізі Есқұланың резервтік желісі қалаға өте қажет. Бетін аулақ қылсын, егер қазіргі бар, жұмыс істеп тұрған желінің бойында әлдебір апатты жағдай орын алса, қала сусыз қалады. Мұндай жағдайға ұрынып қалмас үшін алдын алу керек.

М.Бөрібаев қаладағы жылу беру, энергиямен қамту және т.б. мекемелердің басшыларына жылу беруге дайындыққа қатысты бірнеше нақты сұрақтар қойды.

«ОН КӘСІПКЕР КЕТСЕ, ОРЫН НЕҒЫП ТОЛЫҚ?»

Екінші қаралған мәселе – қалалық жәрмеңкенің жағдайы жөнінде болды. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу туралы қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ержан Есекеновтің баяндамасында айтылды. Мұнда да орынды –орынсыз цифрларға иек арта сөйлеу байқалып қалды. Мысалы, «пәленбай мың теңгенің пәленбай тонна өнімі

екі айға жәрмеңкеге шығудан шеттетілгенін айтып еді, әкім тарапынан қойылған «Егер 10 кәсіпкер кеткен болса, жәрмеңкедегі орындар неғып толық?» деген қарсы сұраққа анық жауап бере алмай, тосырқап қалды. Шынында, шеттетілген кәсіпкерлердің орны бос тұруы керек қой.

Қала әкімі жәрмеңкеден кейінгі тазалық мәселесіне де назар аударды. Қоқыс уақытылы жиналмағандықтан, жан-жаққа шашырап, ұшып жатады. Жәрмеңке өткізілетін аумақтың тазалығы әрқашанда талапқа сай болуы тиіс.

«ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ЖОЛ БЕРМЕЙІК»

Дала өрттерінің алдын алу және оларды жоюға дайындық, шомылу маусымының өту барысы туралы мәселе күн тәртібінде үшінші болып қаралды. Қалалық төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы Ғабит Шәкіратұлы жасаған баяндамадан қаладағы ахуалдың бірқалыпты екендігі байқалды.

Дегенмен, қала басшысы мекемелер мен кәсіпорындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша тексеріс-



сатылды» деген тәрізді арғы жағы күмәнділеу ақпараттың керегі де жоқ еді.

«Бізге 20 тонна немесе 200 келі сатылды ма, бұл соншалықты маңызды емес. Жәрмеңкеге барған адам арзан бағасына сапалы азық-түлік алуы керек. Белгіленген баға сақталып тұра ма, жоқ па? Осы жағын қатаң қадағалаған абзал. Таразыдан тартып жейтіндер бар ма? Соған қараған жөн – деген қала басшысының ескертпесіне Е.Есекенов бағаны көтеріп жіберген 10 кәсіпкердің

тердің қалай жүргізілгенін пысықтады. Шомылу науқаны кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау, ескертпе жасау қажеттігін қаперге салды. Балалардың батут ойындарының беріктігіне де байқас болу керектігі ескертілді.

«Батутқа байланысты еліміздің әр жерінде болып жататын оқыс оқиғалар – бізге сабақ. Балаларды ойнатқан дұрыс, ал, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету одан да маңызды – деді қала басшысы.



ЕРЕКШЕ ЕКІ ЕСКЕРТПЕ

Кеңейтілген аппарат жиыны барысында Мұрат Ерболатұлы естігенде елең еткізген бірнеше ескертпелер жасады. Солардың кейбірін көпшілікке жеткізгенді жөн көрдік.

Біріншіден, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Әшім Мұхамбетәлі баяндамасын мемлекеттік тілде жасағанмен, слайдтарды орысша әзірлеп келген екен.

«Бұлай болмайды. Баяндамаңыз қазақша ма, слайдыңыз да сол тілде болсын. Егер кімде-кімге ақпарат керек болса, бөлімге барып өзі қалаған тілде алуына болады. Ал, жиында мұндай алақұлалық жараспайды – деген ескертпе жасалды. Бұл тек бір лауазым иесіне жасалған ескертпе деп түсінетіндер болса, қателеседі.

Екіншіден, қаладағы кейбір мекемелердің басшылары да, қосшылары да өздерін өзгелерден, тіпті, жергілікті билік өкілдерінен де жоғары ұстауға әдеттеніп алғаны белгілі. Мұны бұрыннан сан рет көріп те жүретін едік. Сәтін салса, алдағы уақытта олар сабасына түсетін тәрізді. Өйткені, Мұрат Ерболатұлы: «Бізге әкімдіктің өкілдері, депутаттар, қоғам белсенділері кіруге болмайды» дейтін мекемелер де бар көрінеді. Неге болмайды екен? Алдағы уақытта мұндайды естімейтін болайық. Барлық мекемелердің есіктері әкімдікке де, депутаттарға да, қоғам белсенділеріне әрқашан ашық тұруы тиіс – деді. Дұрыс па, дұрыс!

ТҮЙІН

Алғашқы кеңейтілген аппарат жиынынан не байқадық? Бәрін айттып та керегі жоқ шығар. Ең бастысы – қалаға жаңа тұрпатты басшы келгенін көрдік. Қаланың бұрыннан қалыптасқан жақсы істері жалғасын тауып, кемшін тұстарынан арылатынына сендік. Өрине, Мәскеу бір күнде орнай қалмас. Бірақ, өндірісте жүріп нақтылықты басшылыққа алып үйренген азаматтың сөзі мен ісі бір жерден шығатынына деген үміт мол, сенім зор. Үміт ақталсын, сенім алдамасын!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

► 21 ШІЛДЕ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

МЫС БАЛҚЫМАСЫНЫҢ БАСТАУЫНДАҒЫ АРДАГЕР

Қанша уақыт өтсе де мыс бұлағының бастауында болып, ерен еңбек үлгісін көрсеткендердің есімі ұмытылмайды. Аға балқытушылар КСРО-ның Құрметті металлургі Сұлтан Елемесов, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Смағұм Салқауов, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Жамбыл Ыбыраев, Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, аға конвертерші Оразалы Мейрамов, КСРО-ның Құрметті металлургі, электролизші Николай Чензе, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, аспалы кран машинисі Таисия Мамаева сынды ондаған өндіріс өрендерінің есімдері Жезқазған мыс зауытының шежіресінде алтын әріппен жазылған. Осы топжарғандар тобынан қазірде жасы тоқсанға таянған Оразалы МЕЙРАМОВ ақсақал ғана ортамызда жүр.

Оразалы ағамыз 1935 жылы Өзбекстанның Мырзашөл ауданында туған. «Құжат бойынша осылай жазылып кеткен, ал шындығында мен 1934 жылы туғам» деген еді даңқты металлургпен бір еңгімелескенімізде. Олай болса Орекең ақсақалды биыл тоқсанның төріне қадам басып отыр деп айтуымызға болады. Еңбек жолын Шыршық қаласындағы «Чирчик-сельмаш» жұмысшы болып бастаған. Әке-шешелері өзбек жеріне ашаршылық заманының зобалаңы кезінде барған ғой. Орекеңнің елге келгеннен кейінгі еңбек жолы түсті металлургияның қарашаңырағы Қарсақбай мыс қорыту зауытында жалғасты. Мұнда 1958 жылдан бастап 1975 жылға дейін табан аудармай еңбек етті. Алғашқыда мыс қалыптаушы болған еді, кейіннен от-жалын шарпыған, мыс балқымасы алынатын негізгі цехта шыңдалды. Майталман металлургтердің тәжірибесін үйрене жүріп өзі де оң қа-

наттағы озаттар қатарынан орын алды. Жезқазғанда жаңа мыс зауыты бой көтергенде Қарсақбайдағы металлургтер шоғыры осылай қарай ауыса бастады.

Қарсақбай мен Жезқазған – екеуі егіз ұғым. От ойнатып, мыс балқытқан металлургтер әулетінің барлығы қарашаңырақ Қарсақбайдан шыққандар мен солардың ізбасарлары. Қазіргі мыс өндірісінде солардың ұрпақтары еңбек етуде. Жезқазған мыс қорыту зауытының бірінші кезегі 1971 жылы іске қосылып, 23 ақпанда тұңғыш мыс балқымасы алынғаны белгілі. Ал, осыдан тура екі жылдан кейін 1973 жылы 21 ақпанда электр пеші іске қосылып, бірінші штейн конверторға құйылды. Негізінде, Жезқазған мыс қорыту зауыты Қазақстан түсті металлургиясы алыптарының қатарында саналады. Құрамында штейнге бай кремнийлі мыс концентратын электр қуатымен балқытуға негізделген зауыттың техноло-

гиясын кезінде «Гипротүстімет» ғылыми-зерттеу институты жобалап, оның құрылысына Кеңес одағының түсті металға қатысты көптеген ғылыми ұйымдары мен кәсіпорындары атсалысқан болатын. «Қарсақбайдан келгендер осы күрделі мыс балқыту үдерісін алып кете алар ма екен» деген күдік білдірушілер де болыпты сол кезде. Қарсақбай зауытында Мұзафар Жүсіпов, Қозыкен Жанпейісов, Еркөз Елеуқенов сынды атақты металлургтер болған. Солардың мектебінен тәлім алған балқытушылар жаңа технологияны да жатсынбады. Оразалы Мейрамов, Қойшыбек Доспанов, Смағұм мен Тағанбай Салқауовтар және басқа да мыс өндірісінің өрендері Қарсақбайда қалыптасып, жаңа зауытқа ауысқанда өндірістік көрсеткіштерін еселеп Жезқазғанның даңқын арттырды.

Жезқазған мыс зауытында 1975 жылдан бастап аға конвертерші болып еңбек ет-



кен Оразалы Мейрамов озат металлургтер көшін бастай жүріп айтарлықтай жоғары марапаттарға ие болды. Ленин және «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. КСРО-ның Құрметті металлургі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды, 1985 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Құрмет-қошеметпен зейнетке шықты.

Қазір өке жолын балалары мен немерелері жалғастырып, «Қазақмыс» корпорациясының мыс өндірісінде «Мейрамовтар әулеті» кеңінен танымал бол-

ды. Жалпы еңбек өтілі 447 жылды құрайтын Мейрамовтардың әулеті металлургтердің үш ұрпағын қамтиды. Оның бастауында, әрине, даңқты металлург Оразалы ақсақалдың өзі тұр. Бүгінде еңбекпен есейіп, өсіп-өнген балаларынан тараған 22 немере, 15 шөбересі бар. Орекең осыған шүкіршілік етеді. Үйде отырғанмен заман ағымын бағамдай білетін ардагер металлург ел байлығының ертеңін ойлап, ғасырға жуық уақыт бұрын Қарсақбайдан бастау алған мыс балқымасының отты қазаны ортаймаса екен деп тілейді.

Амандық РАХҰЛЫ

► «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2024»

ЖЕҢІМПАЗ ОТБАСЫЛАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жезқазғанда «Мерейлі отбасы – 2024» Ұлттық байқауының қалалық кезеңіне қатысушылар арасындағы жеңімпаздар анықталды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі салтанатты жағдайда өтті.



Байқауға қала бойынша 10 өтінім түскен еді. Байқау барысында отбасы мүшелерінің кейінгі 5 жылда жеткен жетістіктері сарапқа салынады. Іріктеу бойынша өздерінің қабілет-қарымдарының жетістіктерімен ерекшеленген 6 отбасы қалалық кезеңге өтті. Комиссия шешімімен бас жүлдеге Айтмұхановтар отбасы лайық болды. Бұл отбасы өндірісте еңбек еткен ардагерлер әулеті болып табылады. Сондай-ақ Әубәкіровтер отбасына бірінші орын берілсе, екі екінші орында Рахымберлиндер мен Балқыбаевтар, екі үшінші орында Рысмағанбетовтер мен Байболатовтар отбасы еншіледі. Жеңімпаздар ақшалай сыйлық пен арнайы дипломға ие болды.

Өмірдің қиыншылығы мен қызығын жолдасым Думан екеуіміз бірге кешіп 6 ұл, 2 қызымызды тәрбиелеп келеміз. Болашақтағы үлкен үмітіміз - үкілеп есіріп

отырған балаларымыздың рухты, еліне қызмет ететін азамат болып өссе деген тілек. Балаларымыз қалалық, облыстық олимпиадалар мен жарыстарда білім мен спорт жағынан топ жарып, айтарлықтай жетістіктерімен қуанып жүр. Алды студент, кейінгілері мектепте. Өзім де, жолдасым да 20 жылдан аса ұстаздық етіп шәкірт тәрбиелеудеміз, - дейді Ұлттық байқаудың қалалық кезеңінде бірінші орын алған ҚХА Аналар кеңесінің мүшесі Ақжарқын Токишева.

Жүлделі отбасыларын Ұлттық байқаудың өткен жылғы облыс бойынша жеңімпазы Доспановтар отбасы және комиссия мүшелері құттықтап, марапаттарын тапсырды. Бас жүлдеге ие болған Айтмұхановтар отбасы Ұлттық байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды.

Нығман РАХЫМ

► ҚОҒАМ

КӨҢІЛ КӨЗІНДЕГІ КІРЕУКЕ

Ербол рухы мықты азамат болып өсіп келе жатты. Тағдырдың тосын сыйына қарамастан, өмірге деген іңкәрлікті жоғалтпады, өз орнын табуға ұмтылды. 2010 жылы үйленді. Алматы қаласындағы медициналық колледжге оқуға түсіп, массажист мамандығын меңгеріп алды. Өзі туып-өскен Сәтбаев қаласына оралды. Қолында – қызыл диплом. Ол жергілікті мемлекеттік медициналық мекемелердің біріне жұмысқа тұруды армандады. Ауруханаға да, емханаға бас сұқты, бірақ босағадан кері қайтты. Қала басшылығы да құрғақ уәде, әдемі сөзбен тойдырды.

Ол мемлекеттік медицина саласында жұмыс істеуге неге сонша ұмтылды? Өйткені егер оқу бітіргеннен кейін 5 жыл ішінде мемлекеттік медициналық мекемеде жұмыс істемесе, дипломы күйіп кететін еді. Бұл бағытынан беті қайтып, тауы шағылған Ербол жеке кәсібін ашуды ұйғарды. Солай істеді де. Бір пәтерді жалға алып, массаж кабинетін ашты. Жеке баспанасы болмағандықтан, пәтер жалдап тұратын. Мүгедектігі үшін мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы екі бірдей жалдау ақысын әзер-әзер жауып тұрды. Келіншегі екі баласымен үйде отыруға мәжбүр. Ерболға көмектесе қоятындай ата-аналарының да қолы қысқа адамдар еді. Әкесі тіпті мүгедек болатын.

Массаж кабинетін ашқанмен, тәжірибесі шамалы әрі жанары зағип жанға келушілер қатары да көп бола қойған жоқ. Ербол қаржы қыспағын қатты сезінді. Сөйтіп жүргенде... Уатсап желісі арқылы байланысқа шыққан танысы өзінің Сириядан хабарласып тұрғанын жеткізді. Бұл әрине, кейбір жігіттердің «жиһад» деп шет жұртқа кетіп жатқандары туралы емес-еміс еститін.

«Әлемдегі бар мұсылмандар қазір осында жиналып жатыр. Дін үшін күресу – мұсылман міндеті. Мұнда келсең, ештеңеден таршылық көрмейсің, бар жағдайың жасалады. Саған арнайы кабинет ашып береді, жоғары жалақы төлейді, соғыс операцияларына қатыспайсың, қарапайым халыққа, жараланғандарға медициналық жәрдем көрсетесің. Бар болғаны – сол, есесіне ислам алдындағы міндетінді де өтейсің, өзіңнің жағдайыңды да жақсартып аласың». Негізгі әңгіме желісі осындай болды.

Бұл әуелгіде «Пәлен жерде алтын бар, барсаң – бақыр да жоқ» дегендей, Сириядан жететін үгітке үгітіліп кете қоймады. Ал анау болса байланысқа шығуын тоқтатпады. «Тамшы тас жарады, тас жармаса да бас жарады» демей ме, сол айтпақшы, күндердің күнінде Ербол келіншегі мен бала-шағасын ертіп, Ыстанбұлға ұшып кетті. Ата-анасына да, туған-туыс, дос-жаран-

Бала кезінен жанарының кемістігі бар еді, мектеп бітіретін жылы қатарластарымен шекісіп қалғанда, басынан ауыр соққы тиіп, жарық дүниенің жылт еткен жарығына мүлдем зәру болып қалды. Биыл оның темір торға қамалғанына алтыншы жылға аяқ басып барады. Жанарының семіп қалғаны емес, көңіл көзіндегі кіреукеңің кесірінен ол осындай жағдайға тап болды.



дарына да қайда, не үшін бара жатқандарын айтқан жоқ. Өйткені «тапсырма» солай болатын. «Алматы арқылы Ыстанбұлға жет. Сені сол жерде жігіттер күтіп алады да, Сирияға өздері жеткізеді» деген сөз рас болып шықты. Аяқ-қолдарын жерге тигізбей, Сирияның шекарасынан өткізді.

Мұнда бұларды қазақ жігіттері күтіп алды. Мұқият тексерістен өткізілді. Сөйтсе, әрбір ұлтқа бөліп-бөліп тастаған екен, қазақ болсаң қазақтардың, өзбек болсаң өзбектердің секцияларына барады екенсің.

Шынында да, «шақырушының» айтқаны ақиқат екен. Бұларды бірден үш бөлмелі пәтерге орналастырып, бір бөлмесін барлық құрал-жабдықтарымен массаж кабинеті етіп жасап берді. «Көктен сұрағаны жерден табылды» деген осы ғой, Ербол мұнда келгеніне қатты қуанды. Жұмысы да сарымайға пышақ салғандай жүріп сала берді. Елде жүргендегі қаржы қиыншылығы келмеске кеткендей көрінді. Ата-анасымен ұялы байланыс арқылы хабарласып тұрды. Бірақ қайда жүргенін айтпады. Айтса, басы кететін еді. Бір қарағанда, өзін шетелге келіп, жақсы жұмысқа орналасқандай сезініп жүрді. Бәрі кереметтей көрінген, жер

бетіндегі жұмаққа топ ете қалғандай күйге түскен. Жергілікті қарапайым тұрғындарға да, жаралы жандарға да массаж жасап, жұмысын жалғастырып жатты. Бірақ... Көп ұзамай перденің арғы жағы ашыла бастағандай болды. Мысалы, бұларға әлдекімдердің тастап кеткен үйі беріледі екен, бұған жалақы төлейтін аурухана ИГИЛ-ге тиесілі көрінеді. Бұлардың төбесінен қарайтындар үшін олардың жұмыс істегендерінен гөрі басқаларды Сирияға келуге үгіттеуі маңыздырақ екені де байқалды.

«Өзің мүгедек бола тұра ислам жолында күресіп жүргенің – өзгелерге үлгі болсын» деген соң, бейнеүндеуге түсті. Жазып, дайындап әкелген мәтін бойынша сөйледі. Бұл бейнеүндеуде ИГИЛ жақсы жағынан сипатталды.

2015 жылы «ВКонтакте» әлеуметтік желісінен ашылған парақшасы бар еді, сол арқылы үгіт-насихат жасауға итермеленді. «Дін үшін күрестің қажет екенін өзің түсіндің ғой, енді өзгелер де түсінсін, соны түсіндір» деген талапқа қарсы келе алмады. Сондағы бейнетаспалардағы үндеулер кейін оның істі болуына негізгі себеп болды.

2017 жылы жағдай ушықты, ИГИЛ-дің тынысы тарыла түсті. Бұрынғы

«Барлық мұсылман – туысқан, бауыр» дегеннің әншейін ғана алдарқату екені айқындалды. Өйткені ИГИЛ-дің өзі екіге жарылды. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей жағдай қалыптасты. Атыс, жарылыс көбейді, тыныштықтан береке кетті, бас сауғалап қаңғып кеткен халықта қисап болмады. Бір үзім нанға, бір жұтым суға зар болған халық кезекке таласатын болды. Кім өліп жатыр, кім жоғалып жатыр, ешкім ештеңе біліп болмады... Сирияның бір жерінен келесі жеріне қарай жөңкіле қашып, көшкен елмен бірге Ербол да жүрді. Қаншама қалада, ауылда болғанын бір Құдайым білсін?!

Күші басым түскен АҚШ-тың мүгедектерді, әйелдерді, балаларды босату туралы талабына мойынсұнуға мәжбүр болған ИГИЛ аталған санатқа жататын азаматтарды америкалықтарға тапсырды. Солардың бірі Ербол Өбенев еді.

– Бір америкалық орысша сөйлейді екен. Ол бірде бізге «Қазақстан өзінің адамдарын еліне әкету туралы шешім қабылдапты, бостандыққа шығасындар, елдеріңе қайтасындар», деді. Көп ұзамай біз қамауда жатқан лагерьге еліміздің Сыртқы істер

ТАЛАҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Әрнені сылтау етіп, талақ айтып, нәпсісі қозса, көзіне түскен қыз-келіншектің миын айналдырып, санасын улап, тез үйленіп, жылдам ажырасу, әйелдерді талақ деп тәлкек ету – теріс бағыттағы діни ортада өршіп тұрғаны мәлім. Содырлардың мұндай сорақы әрекетінен қаншама жауқазындай жап-жас қыздар сорлап қалды, қор болды. Шын мәнінде исламдағы неке осылай ма еді? Әрине, жоқ!

министрлігінің өкілдері келді, бәрімізбен сөйлесті. Олар: «Елде «Жусан» операциясын бастадық. Мұнда ешкімді қалдырмаймыз, кезең-кезеңмен бәріңді де елге жеткіземіз», деді. Мұны естігенде бізбен бірге жатқан басқа елдердің азаматтары, олардың арасында орыс та, өзбек те, Кавказ халықтары да бар еді, «Қазақстан қандай мейірбан мемлекет? Сендердің қателіктеріңді кешіріп жатыр. Сондай елді кезінде қалай тастап кеткенсіңдер?» деп жылап жіберді. Біз жүрегіміз жарыла қуандық. Мен сол сәтте туған елді, кіндік қаның тамған жерді бөтен елге, жат топыраққа алмастырудың ақымақтық екенін түсіндім. «Елге жетсем, мейлі қандай жаза болса да, көтеруге пейілмін» деген ойға келдім, – дейді Ербол бізбен әңгімесінде.

Ол елге 2019 жылғы 31 мамырда оралды. Сол күні 8 жылға сотталды. Бұрын жазасын Шымкент, Қарабастағы түзеу орындарында өтеген ол кейінгі бір жарым жылдан бері Жезқазған жанындағы мекемеде өтеп жатыр. Сол жолы Е.Әбенюпен бірге елге оралған Сәтбаевтың тағы 4 азаматы да тартылған жазаны өтеп жатыр.

– Мен осындай жағдайға тап болғанда әкем дүниеден өтіп кетті, топырақ сала алмадым. Ендігі бар арманым – анамның құшағына оралу. Әрине, отбасым, туысқандар, әлсін-әлсін келіп тұрады, кездесемін. Келіншегім, алты балам бар. Кішкентайым екі жаста. Солардың бәрін, ең алдымен, анамнан бастап бостандықта, емін-еркін құшқым келеді, анама еркелеп, балаларымды еркелеткім келеді. Үш рет «мерзімінен бұрын босату туралы» өтініш жазып едім, сот кері қайтарды. Бәрі – баяғы елге үгіт жасаған үндеудің салдары. Бекер істегенімді түсінемін, өкінемін. Дінді дәстүрді тәрк етпей, дұрыс ұстану керек. Дін мен дәстүрдің арасынан қайшылық іздеп көрегі жоқ. Мен 2009 жылдан бастап намаз оқыдым. Мешіттен сабақ алдым. Әбу Ханифа мазхабын ұстандым. Ал Сирияға барғанда амалсыздан басқа мазхабты ұстануға тура келді. Дін эмоцияға берілгенді көтере алмайды, – деген Ербол дін тақырыбына қызығушылық туындаған кезде мешіттегі имамдарды, теологтарды тыңдау керектігіне тоқталды.

Біздің Ерболмен кездесуімізге дәнекер болған Сәтбаев қаласының ішкі саясат бөлімі мемлекеттік мекемесінің Сәтбаев қаласының дін мәселелері бойынша ақпарат және кеңес беру орталығының басшысы Манат Айтбаев өкінішке қарай, әлі де болса адасу құрбандарына айналып жүрген жастардың аз еместігін айтады.

– Тіпті жат жерге барып, оттың ішінен оралғандардың арасында да санасын жайлап алған удан арылғысы келмейтіндер аз емес. Олардың әу баста алған діни білімдері теріс ағымның түсініктерін бойларына әбден сіңіріп тастаған тәрізді. Бірақ теологтер, дін өкілдері олармен де жұмысты жалғастырып жатыр, – дейді ол.

«Жусан» операциясы арқылы елге оралған Ербол Әбеню – жақсылықты жат жерден іздеп адасқан азаматтардың бірі. Ол қателескенін әлдеқашан түсінген. Бірақ бостандыққа шыға алмай отыр. Сирияға соғыс үшін бармаса да, қолына қару ұстап, кісі қанын мойнына жүктемесе де, террористік әрекеттерге тікелей қатыспаса да, кезінде көпшілікті жиһадқа шақырғаны мерзімінен босанып шығуға мүмкіндік бермей тұр.

– Жазаның көбі кетіп азы, яғни 2 жыл 9 айы қалды. Қолмен істегенді мойынмен көтеремін, қайтейін... – деген Ерболдың сөзінен бір күн болса да бостандықтың дәмін ертерек татқысы келетіні аңғарылды. Бұл енді заң талаптарына байланысты шешімін табуға тиіс. «Кезінде көңіл көзіндегі кіреукеңі кесірінен тап болған тасыр тағдырдың тауқыметі қашан кейін қалар екен?» Ерболдың әрбір күні осындай арманға толы оймен өтіп жатыр...

**Абдолла ДАСТАН,
Ұлытау облысы
«Egemen Qazaqstan» 6 12.07.2024**

Ислам – некелі ерлі-зайыптыны бір шаңырақ астында тату өмір сүрулерін, тәрбиелі де саналы ұрпақ таратуды қалайтын дін. Сондықтан ислам некеге тұрған сәттен-ақ екі жақтың бір-біріне деген құқықтарын белгілеп береді.

Қазақта ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды деп, өмір болған соң, ерлі-зайыптылардың араларында келіспеушіліктердің болатынын алдын ала ескертетіні сияқты исламда да келіспеушілік бола қалған жағдайда татуластыру шараларын қарастырған. Ал талақ отбасындағы келіспеушіліктердің ең соңғы шарасы болған. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Алла өзінің рұқсат берген істерінің ішіндегі ең жаман көретіні — талақ», – деген.

Содырлар болса, талақты желеу етіп, оңды-солды нәпсінің жетегіне еріп, нәзік жандыларды қорлап, ойларына келгенін істейді. Мысалы үшін, арам пиғылды теріс дін топтарының тұзағына түскен қарағандылық Сәуле есімді қыз көз жасын көлдете отырып, ол кезде он төрт жаста едім деп бастады әңгімесін. Дінге қызыққан қыз намазды оқшаулап оқитындар тобына қалай қосылып кеткенін өзі де байқамай қалған.

Кәмелет жасқа толмаған, оң-солын ажыратып, өтірік пен жалғанның аражігін білмейтін жас қыз үшін олардың айтқанының бәрі дұрыстай көрінеді.

«Олардың айтатыны уахабизмнің уағыздары. Мені тұрмысқа шығуға, сосын Сирияға баруға үгіттеді. Әйел адам соғыста жүргендерге жыныстық жағынан көмектесіп, өліп кетсе, шаһид болатынын айтып, миыма қатты құйды», – дейді Сәуле.

Осылайша сенер-сенбесін білмей, әрі-сәрі күй кешіп жүргенде, бұрын өзін ұнататын жігіті кездесіп, алып қашады. Олар тұрмыс құрады, бірақ дәм-тұздары жараспай, бір жылдан кейін ажырасады. Күйеуінен бір баламен қалып, өзі күйзеліп, көңілі астанкестең болып жүрген Сәулеге бұрынғы жамағат мүшелері қайта жақындайды. Әсіресе, Елжан есімдісі он тоғыз жастағы Сәуленің көңілін аулап, екінші әйелі болуға көндірді. Өлгі Елжанның неке қидығаны тіпті сорақы, түсініксіз және исламның шеңберінен тыс. Келіншектің айтуынша, Елжан некені жұма намазынан кейін қиямыз депті. Бес адам болып көліктің ішінде отырып, Сәуленің қатысынсыз некелерін қиған. Сөйтіп келіншекке хабарласқан: «Неке қылды, сен менің әйелім бодың, кешке келемін» депті.



Сөйтіп, Сәуле Елжанның төртінші әйелі болып шығады. Шаттыққа кенелем деген Сәуленің өмірі шатақпен жалғаса береді. Елжан оған шаһуатпен алғанын айтады. Ол дегеніңіз тек қана интимдік ниеттен туған, алғанын жезөкшеліктің шеңберінде ұстаудың бір түрі деп түсіндіреді кейіпкеріміз. Діннің атын жамылған содырдың бұл әрекеті ешқандай да исламның қағидатына жатпайды.

«Шариғатымызда Алла тағаланың халал қылғанының ішіндегі ең жек көретұғын нәрсесі осы талақ. Талақ мәселесі жөнінде Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисі бар. Қайсыбір адам аз ғана уақытқа нәпсі құмарлығы үшін үйленіп, онымен ажырасып, екіншісін, үшіншісін алатын еркекті Алла тағала лағнет қылсын деген. Ондай адамға Алла тағаланың лағнеті болады». Міне, шын мәнінде исламның қағидаты осы – дейді дін мамандары.

Елжан сынды ойдан құрап, қыз тағдырын тәлкек еткендерге Құдай жазасын береді. Ол Сәулемен сырттай неке қиып, сырттай талақ айтады. Сөйтіп сырт айналып, қиянат жасадым-ау, обал қылдым-ау деместен, шімірікпей өз жөнімен кете барады. Мұны естіген оның айналасындағы теріс діни топтың басқа көрсеқызар мүшелері Сәулені нысанаға алады. Қала ортасында қарсылығына қарамастан көлікке күштеп отырғызып, пәтерлердің бірінде екі күн ұстайды. Бұл жолы олар Сәулені Елжанның досы Ержанға әйел болуға көндірмекке ұмтылады. Теріс діни топтардың ислам арқылы адам қорлағанымен қоса, достықтарының өзі жиіркенішті. Ешқандай адами шеңберге сыймайды. Арсыздық, көрсеқызарлық, нәпсіқұмарлықтан басқа ештеңе жоқ, бұл жерде. Кешке неке қиып, ертесі талақ етіп, арғы күні екінші біреуіне тели салу деструктивті ағымдағылардың арасында кең тараған сорақылық. Содырлардың

осы сорақылықтарының кесірінен талай қаракөз қыздарымыз қолдан қолға өтіп, қорлық көріп, көз жасы көл болып жүр. Қолдан қолға өткендіктен кімнен жүкті болғанын да білмей жатады.

Осылайша қаршадайынан қара ниеттілердің торына түскен Сәуле өткенін есіне алғысы келмейді. Мұндай қорлықты дос түгіл дұшпанына да тілемейтінін айтады. «Олар қыздарды «тряпка» құрлы көрмейді» дейді. Осыншама азғындаған деструктивті топты адам деуге бола ма?

Олар үшін адамның тәлкек болған тағдыры, он екіде бір гүлі ашылмаған кішкентай қыздың көз жасы селт еткізбегені арсыздық пен азғындыққа бойы үйренген қаныпезер екенін анық көсетеді. Өздерінің қарындасындай, қыздарындай бүлдіршіндерді бүлдіргендерден қандай жақсылық күтуге болады?

Талақ деп тәлкек, неке деп жезөкшелік жолға түсіруді көздеген көрсоқыр содырларда адамды аяу деген жоқ.

Олардың исламға он қайнаса сорпасы қосылмайды. Олардан сақтану керек. Солардың кесірінен талай ана ботасынан айрылған боз інгендей боздап, талай әке құсадан құрдымға кетті.

Алғашқыда тілі тәтті аярлар алдайды, арбайды. Уысына түскен соң аяушылықты білмейді, қорлайды.

Теріс ағымдағы діни топтардан сақтану үшін айтылып жатқан, түсіндіріліп жатқан мемлекеттік мекемелердің іс-әрекетіне көңіл бөліп, сөзге құлақ түрмесе, деструктивті топтың тұзағынан құтылу қиын. Шын мәнінде ислам – мейірімнің, адамилықтың, қамқорлықтың, жанашырлықтың діні. Діннің атын жамылған арамза пиғылды, қорқау қасқырдай қара ниетті деструктивті топтан сақ болу керек. Құдай сақтанғанды сақтайды.

(Материал ғаламтордан алынды)

ТІЛ – ҚАСИЕТТІ МҰРА

Ана тілі – бәріміздің анамыз. «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» қазақ тілін дамыту бағыты, оның мемлекеттік мәртебесін іске асыру қажеттілігімен айқындалатындағы көрсетілген.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты - мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, мамандардың іс жүргізудегі біліктілігі мен тәжірибесін сақтау, тіл мәдениетін орнықтыру, мемлекеттік тілде іс жүргізудің сапасын арттыру, мемлекеттік тілде іс жүргізуші мекеме, ұйымдардың қызметкерлерін моральдық және материалдық тұрғыдан көтермелеу болып табылады.

Алайда, мемлекеттік қызметкерлер арасында мемлекеттік тілді еркін меңгерген мамандар аздығы байқалуда. Сол себепті тіл саясатын іске асыру барысындағы басты міндеттің бірі ретінде білікті кадрларды даярлау керектігін айта кеткен жөн. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдар жүйесінде қолдану аясын одан әрі кеңейту кадрлардан тиісті тіл даярлығын талап етеді, ол уақыт өте келе біліктілік талаптары мен қызметтік міндеттеріне қарамастан мемлекеттік қызметшілердің барлық санаттары үшін міндетті болуға тиісті. Жалпы біздің алдымызда тұрған басты мақсат мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, ана тіліміздің қолданылуын бір арнада жүргізу және дамыту болмақ.

Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді, әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз.

Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Әрбір елдің қуатты күші, байлық – бақыты экономикалық, саяси-әлеуметтік даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен айқындалады. Ал мәдени мұра, рухани талғам деген халықтың ақыл-ойымен көрінісі – тілге тікелей тәуелді екені белгілі. Халықтың сақталуы да тілге тәуелді. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі екендігін ешкім де жоққа шығармайтыны баршаға мәлім. Өркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар екені бәріміз білеміз. Ана тілдің дамуы ұлттық санаға тікелей әсер етеді. Өз ана тілінде тәрбиеленген ұл мен қыз сөз қадірін түсінеді. Бүгінгі таңда тіл экологиясы қалыптастыратын заман келді, өйткені тіл – қарым-қатынас құралы. Мемлекеттік тілді қызмет бабында қолдану - әрбір мемлекеттік қызметкердің борышы.

ҚОҒАМҒА МЕДИАЦИЯ КЕРЕК

Қазіргі таңда халықтың аузынан, бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінен «Медиация» сөзі түспейді. Алайда, «Медиация» сөзінің мағынасын қарапайым халық толықтай түсіне бермейді. Судьялар одағының съезінде сот тәртібімен қаралуға жататын дау-дамайларды азайту мәселесіне назар аударуды, соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедураларын енгізу туралы айтылған еді.

Осыған орай, 2011 жылдың 28 қаңтарында ҚР-ның «Медиация» туралы Заңы қабылданды. Аталған Заңға сәйкес Қазақстанда дауларды баламалы шешудің жаңа түрі медиация енгізілді. Медиация өзара қолайлы шешімге келу мақсатында медиатордың бейтарап жақ көмегімен тараптар арасында дауды (шиеленісті) реттеу тәртібі.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік билік айтудың ең озық өнегесі. Ұлы қазақ даласының билігінің белгілі дара тұлғалары Төлеби, Қазыбекби, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен рөл атқарғаны баршамызға белгілі. Медиация туралы заңымыздың аты бөлек болғанымен қазақ халқы үшін жат дүние емес. Халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы.

Медиациялық тәртіптің мақсаты тараптардың шиеленіс деңгейін төмендету және даудың екі жақты да қанағаттандыратын шешіміне қол жеткізу. Медиацияның тараптары жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін. Медиатор медиация тарабы болып табылмайды. Медиация сотқа дейінгі тәртіпте және азаматтық, еңбек, отбасы, басқа құқықтық қатынас-тардан туындайтын дауларда, жеңіл және орташа ауыр қылмыс туралы істер бойынша қылмыстық іс барысында қарастырылатын дауларда қолданылады.

Медиатор басшылыққа алатын негіз болатын 5 қағидамен ерекшеленеді еріктілік,



тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі және бейтараптығы, медиация рәсіміне араласуға жол берілмеуі, құпиялылық.

Медиацияның артықшылықтары: тараптар уақытын үнемдейді, себебі, сот рәсіміне қарағанда бұл рәсім әлдеқайда қысқалау; мемлекеттік баж салығы төленбейді және адвокаттың қымбат тұратын қызметі керек емес.

Жоғары білімі бар, жасы 25-тен асқан, 2011 жылғы 3 шілдедегі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген ережелерге сәйкес келетін медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқыған тұлға кәсіби медиатор бола алады. Ол кәсіби медиаторлардың реестрінде тіркелуі тиіс. Жасы қырыққа жеткен және кәсіби емес медиаторлар реестрінде тіркелген тұлға кәсіби емес медиатор бола алады.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

Конституцияның 14-бабында заң мен сот алдында барлық азаматтар тең екендігі жазылған. Ешкім кемсітушілікке, соның ішінде жыныстық белгі бойынша кемсітушілікке тартылмайды.



Гендерлік теңдік – әйелдер мен еркектердің тең құқықтық мәртебесі және тұлғаларға жынысына қарамастан өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени салаларына қатысу үшін өз қабілеттерін еркін қолдануға мүмкіндік беруші тең мүмкіндіктер; әйелдер мен еркектердің қоғамдың өмірдің әлеуметтік, саяси және экономикалық салаларында мүмкіндіктерге, ресурстарға және сыйақыларға тең ие болуды ұйғарады.

Тең құқықтар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу мақсатында Елбасы келесі міндеттеді қойды: заңнаманы жетілдіру және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету институттарын құру, әйел құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру және т.б.

Мемлекет басшысы бекіткен Гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатындағы билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталған. Гендер - бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы.

«Gender» сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді. Стратегия – мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оның мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады.

Қазіргі кезде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемді жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұрын «Әйел теңдігі» ұғымы мәселе болса, қазіргі таңда ол «гендерлік теңдік» деген үлкен саясатқа ұласып, мемлекет басшысының қолдауымен осы гендерлік теңдік аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мем-

лекеттік кепілдіктері туралы» ҚР Заңы қабылданды және ҚР Президенті жанындағы отбасы істері және демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істеуде.

Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жынысқа байланысты кемсітуді іске асыру үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Гендер ұғымын тек қана әйел теңдігін қорғайтын бағыт немесе оның құқықтарын асыра пайдалануды көздеуге бетбұрыс деп қана түсінуге болмайды. Гендер - тек әйелдің ғана емес, ер адамның да тұлғалық ерекшеліктерін қорғайтын, ал кемсітушілік болған жағдайда оның да мүддесін сақтауға ат салысатын қоғамдық үдеріс. Егер адамның биологиялық, әлеуметтік, саяси, психологиялық сияқты жан-жақты қырлары бар екендігін ескерсек, шындығында ер мен әйел абсолютті тең бола алмайды. Осы тұста, «тең» деген түсінікті кейбір батыстық көзқарастар «бірдей» деген ұғыммен алмастырып алады. Сондықтан олар екі жыныстың биологиялық болмысын да теңестіріп жібереді.

Жылдан-жылға гендерлік білім беру жас ұрпақтың толыққанды тұлға ретінде қалыптасуында өзіндік оң нәтижесін беріп келеді. Бірақ бұл әйелдерге немесе ерлерге толыққанды абсолютті еркіндік беріп, жауапкершіліктерін алып тастау дегенді білдірмейді, керісінше, қоғамдағы биологиялық-психологиялық болмысын және мәртебесін сақтай отыра, игілікті-оңды, болмыс тағайындаған дәрежедегі тиісті парыздарын күшейте түсуі тиіс. Бұл екі тарапқа да бірдей қатысты мәселе. Жастарға гендерлік білім берудің басты мақсаттары мен күтетін нәтижелерінің маңыздысы да - осы.

Әйелдер мен еркектерді жыныстық белгісі бойынша емес, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени бағыттағы әлеуметтік мүмкіндіктерге ие және мемлекеттік гүлденуі мен дамуына қажетті үлес және пайда әкеле алатын адами ресурс, тұлға ретінде қарау қажет.

► ҚОНАҚКӨДЕ

Еңіске емес, басымды салам өрге!



Жұмкен СЕЙІТОВ

БАЯНТАУЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Сарыарқадай сары далама сән берген,
Салты менен дәстүріне мән берген.
Терезесі тең болған сан елдермен,
Ұл – қыздары ғылым, білім меңгерген.

Кім білмейді Баянаула даланы,
Дүниеге әкелген сан дананы.
Топырағыңда талай ұлы шыр етіп,
Асанқайғы тиіп өткен табаны.

Қызу еңбек қайнап жатқан ортасы,
Баянауыл қызық – думан ордасы.
Әр адамы ақын болып кетеді,
Өлең болып жазылғандай әр тасы.

Алтын ,көмір кен байлығы қаншама,
Төрт түлік малға толы сай сала.
Кімге болсын мақтанышпен айтамыз,
Қуанышпен, қуанышпен баршаға!

Талайларды тамсандырған Баян-ай,
Берген саған сұлулықты аямай.
«Ердің атын ер шығарар» дегендей,
Ұл – қызың жүр бір өзіңді аялай.

Асыл жырдың біліп шіркін өлмесін,
Жырлап өткен туған дала өлкесін.
Үлгі болар , ақыл берер ұрпаққа,
Бұқар бабам тастап кеткен термесін.

Баянтаудың Шоңы менен Шорманы,
Өз халқының болған әркез қорғаны.
Бабаларым Көтеш, Сақау ақындар,
Ел арманын асыл жырмен толғады.

Қасиетіңнен, айналайын, боз дала-ай,
Үкібайдай би тудырған сөзге бай.
Ұрпағы үшін қорғап кеткен өзіңді,
Батырларың Жасыбай мен Олжабай.

Талай қыран Баянтаудан ұша алар,
Шабыттанып Ақбетінен күш алар.
Дүрілдеткен тар заманның өзінде,
Жүрген жоқ па кеше Жаяу Мұсалар.

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА: Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Екі өңірге тел тұлға» атты экспедиция ғалымның туған жері – Баянауыл өңіріне барып қайтқаны белгілі. Сол сапар барысында ақкөңіл азамат, арқалы ақын Жұмкен Арқалықұлы Сейітовті жолықтырдық. Ол бізге айтыс аламанымда біздің қадірлі Шәкеңді, Шынболат Ділдебаевты кезіктіріп, одан батасын алғанын зор мақтанышпен әңгімелеп берген еді.

Ел мен елдің араласқаны, бір-бірін білгені қандай жақсы. Көңілімізде әдемі із қалдырған ҚР мәдениет саласының үздігі, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы, ақын Жұмкен Сейітовтің бір топ өлеңдерін өздеріңізге ұсына отырып, оның өзіне жаңа шығармашылық табыстар тілейміз!

**Абдолла Дастанов,
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.**

Дей алмассыз Баянтауға дарын жат,
Ел міндетін ұл – қызың жүр орындап.
Әсем әні халқымен бірге жүр,
Сенде туған асқан әнші Жарылғап.

Кімнің болсын қоздырғандай
намысын,
Мақтануға болар сенің табысың.
Қазағымды бар әлемге паш еткен,
Сенде туған ғалым аға Қанышың.

Еңбектері ешқашанда өтелмер,
Халқыменен бірге жасап аты өлмер.
Театр мен киноның қос жұлдызы,
Баянтауда туған Жұмат, Шәкендер.

Кетсе- дағы жиырма жеті жасыңда,
Жыр қалдырған теңейтұғын асылға.
Жарқыраған қазағымға күн болған,
Сұлтанмахмұт өскен жоқ па осында.

Ақын ұлың тойға қалай бос келер,
Баянауыл қанат жайып өскен ел.
Ақбет таудың шыңдарынан,
шіркін-ай,
Түлеп ұшқан Жүсіпбек пен Қошкелер.

Әрбір таңы шуақ шашып атады,
Өрлей берсін Баянауыл атағы.
Қуанышпен, мақтанышпен айтамыз,
Баянауыл - дарындардың Отаны.

Әрбір күні еңбекпенен жалғасты,
Елдің аты ерлерменен алға асты.
Жырға қоспай тағы қалай кетейін,
Қазағым деп шырылдаған Олжасты.

Талантқа бай Баян елі атырап,
Ұл -қыздары толқын жырлар сапырат.
Шыққан талай Баянтаудан бәйтерек,
Біз солардан нәр ап жүрген жапырақ.

Халқымыздың орындалып арманы,
Мәшһүр – Жүсіп келіп жатыр
болжауы.
Ұрпақ бар да, халық бар да өшпейді,
Ұлылардың салып кеткен жолдары.

Ұланының белін бекем бұған ел,
Ұрпақтары ата жолын кұған ел.
Әр қойнауы болған шіркін, думан ел,
Гүлдене бер, өркендей бер туған ел!

КЕШІРЕ КӨРШІ, БАБАЛАР!

Аңдиды әрбір сөзімді,
Айналып барам сақауға.
Ұялам кейде өзімді,
Ақынмын деп те атауға .

Көтере алмадық мың жүкті,
Айта алмадық көп шындықты.
Кешіре көрші, Бабалар,
Біздердей осал ынжықты.

Батырлары аз заманда,
Ақыны болып қырмадық.
Не дейміз мына қоғамға,
Кімдерді біздер жырладық?.

Қорған болмадық анаға,
Қорған болмадық балаға.
Қорған болмадық далаға,
Не дейміз ертең барғанда,
Ел қорғап кеткен бабаға.
...Отыз жыл еңбек етіппіз,
Құр босқа ұры-қарыға.

БІР АУЫЛ БОЛЫП ...

Қол жайып өтем,
Қорымның күнде жанынан.
Аруақтар талай
санама менің ой салар.
Мәңгілік мекен,
Ауылдың тауып жанынан,
Жатыр ғой шіркін,
Жақсы мен талай жайсаңдар.

Керегесін керіп,
Шаңырағын ауыл көтерген,
Парыздарынан,
Ел алдындағы өтелген,
Өздерің едің, өздерің едің шіркін -ай,
Сендерге қарай басымды мүлдем
көтермей,
Төменге салып өтем мен.

Еңбек еттіңдер,
Күн демей бәрің түн демей,
Бір-бірлеріңді
Міндемей және күндемей.
Тағы да міне ,
Бір ауыл болып жатсыңдар,
Бірлікті сақтап,
Үндемей бәрің үндемей....

БӘЙГІДЕ ТУҒАН ОЙЛАР

Сәні болған қасиетті даламның,
Жан серігі болған әркез адамның.
Байшұбары, Құлагері, Бурылы,
Бар екен ғой шіркін мына заманның.

Дүбірлетіп қасиетті даланы,
Шаттандырып үлкен – кіші, баланы,
Заманымың тұлпарлары пай-пай-ай!
Бәйгілерге әне түсіп барады.

Тұрқы қандай қарап тұрсаң ай мүсін,
Шабандоз да үстіндегі сайлы шын.
Арман бар ма тұлпарларда шіркін-ай!
Ұлы тойда адал алған бәйгісін.

Жібергендей мені бүгін жасартып,
Бұдан артық сөз айтпайын басы артық.
Елдің атын шығармаған жігіттен,
Елдің атын шығаратын ат артық.

ҚАТЕЛІКТЕРІМ БОЛСА ЕГЕР...

Өз елім - өлең төсегім,
Өзіңде өмір кешемін.
Ұлыңа балдай жағады -ау,
Сыртымнан айтқан есегің.

Өз елім - өлең төсегім,
Өзіңде өмір кешемін.
Шешілмес әрбір түйінді,
Өзіңде жүріп шешемін.

Өз елім - өлең төсегім,
Өзіңде өмір кешемін.
Өзіңде жүріп жазылар,
Бойдағы сырқат, кеселім.

Өз елім - өлең төсегім,
Өзіңде өмір кешемін.
Өзіңнен әркез күш алып,
Өзіңде жүріп өсемін.

Өз елім - өлең төсегім,
Өзіңде өмір кешемін.
Бәйгіге түссем тұлпар боп,
Ортаңда болдым есегің.
...Қателіктерім болса егер.,
Тентек ұлыңды кеш елім!?

АЙНАЛЫП КЕЛСЕ БАЛАЛЫҚ...

Он жеті жастың көктемі,
Сағынтып жүр ғой көп мені.
Алғашқы бала махаббат,
Есімнен менің кетпеді.

Достасып талай жылдармен,
Есейдім мен де жігіт боп.
Жүрсем де қызық думанмен,
Қалмадың бірақ, ұмыт боп.

Тойларды талай тойладым,
Шырқатып талай өлеңмен.
Ұмытам ба деп ойладым,
Ұмыта алмай келем мен.

Біздерде болды шалалық,
Есесін қалай қайтарам.
Айналып келсе балалық,
Бастар ем бәрің қайтадан.



ОВЕН. На этой неделе, Овен, вы почувствуете прилив энергии и мотивации. Пришло время заняться теми делами, которые вы постоянно откладывали. Не бойтесь рисковать и использовать новые возможности. Ваша тяжелая работа окупится в долгосрочной перспективе.



ТЕЛЕЦ. У Тельцов следующая неделя будет посвящена заботе о себе и отдыху. Уделите немного времени себе и зарядитесь энергией. Занимайтесь любимыми хобби и занятиями, которые приносят вам радость. Помните, что важно уделять приоритетное внимание собственному благополучию.



БЛИЗНЕЦЫ. Общение является ключевым моментом для Близнецов на этой неделе. Выразитесь четко и открыто, чтобы избежать недоразумений. Это удачное время для важных разговоров и установления новых связей. Ваши коммуникативные навыки будут на высоте.



РАК. Многие Раки на этой неделе будут именинниками, так что празднуйте себя и свои достижения. Вспомните прошедший год и поставьте цели на будущее. Это время личного роста, примите изменения, которые происходят на вашем пути.



ЛЕВ. Львы, готовьтесь к неделе волнений и приключений. Выйдите из зоны комфорта и попробуйте что-то новое. Это прекрасное время, чтобы заняться своими увлечениями и пойти на продуманный риск. Будьте в центре внимания и позвольте вашей фантазии раскрыться в полную силу.



ДЕВА. Эта неделя посвящена организации и планированию. Возьмите под контроль свой график и расставьте приоритеты для своих задач. Оставаясь сосредоточенным и дисциплинированным, вы сможете легко достичь своих целей. Не бойтесь просить о помощи, если это необходимо.



ВЕСЫ. Баланс является ключевым моментом для Весов на этой неделе. Найдите гармонию между работой и отдыхом, а также между личной и профессиональной жизнью. Уделите время, чтобы развивать свои отношения и пообщаться с близкими. Не забывайте также заботиться о себе.



СКОРПИОН. Для Скорпионов наступает неделя самоанализа, сделайте шаг назад и оцените свои цели и желания. Доверяйте своей интуиции и слушайте свой внутренний голос. Это время самопознания и личного роста.



СТРЕЛЕЦ. Это время приключений и открытий. Стрельцам придется выйти из зоны комфорта и получить новые впечатления. Путешествуйте, знакомьтесь с интересными людьми, учитесь у них и исследуйте мир вокруг вас.



КОЗЕРОГ. Стабильность и практичность будут в центре внимания у Козерогов на этой неделе. Сосредоточьтесь на своих долгосрочных целях и составьте план их достижения. Делайте маленькие, просчитанные шаги к успеху. Ваша тяжелая работа и преданность своему делу в конце концов окупятся.




ВОДОЛЕЙ. Водолей, эта неделя посвящена инновациям и творчеству. Продемонстрируйте окружающим свои уникальные идеи и взгляды. Не бойтесь мыслить нестандартно и бросать вызов статусу-кво. Ваше творчество приведет вас к новым возможностям.



РЫБЫ. У Рыб будет наблюдаться сильная интуиция и духовность на этой неделе. Доверяйте своим инстинктам и прислушивайтесь к своему внутреннему голосу. Уделите время заботе о себе и размышлениям. Соединитесь со своей духовной стороной и обретите мир внутри себя.

СКАНВОРД



Анекдоты, анекдоты...



Американка миссис Смит приехала в Париж.

Ее интервьюирует корреспондент французской газеты.

— Миссис Смит, вы замужем?

— Да.

— У вас есть дети?

— Да, мсье, три сына, и все в армии.

Джон служит на японском острове Окинава, Дэвид — в Доминиканской Республике, а Боб — в Германии.

— А ваш супруг, миссис Смит?

— К сожалению, он не смог сопровождать меня. Он совершает турне по разным странам с лекцией на тему «Вмешательство России в дела других государств».

Беседуют американец, француз и русский. Англичанин говорит: «По-английски очень трудно писать. Мы говорим «Биргинхам», а пишем «Биргингхам»».

На это француз отвечает: «О-ля-ля, это вы еще не знаете французский! Мы говорим «Бордо», а пишем «Бордеаукс»».

Русский усмеивается: «Ну, пацаны, вы загнули! Наш язык вам ни в жизнь не выучить. Мы говорим «Че?» а пишем «По-вторите, пожалуйста!!!»»

В чем разница между употреблением алкоголя у русских и у французов?

Французы — едят и запивают Русские — пьют и закусывают.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1115 Заказ 914

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.